Местонахождение: село Айшабиби, улица Айшабиби №43А, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Айшабиби отдела образования по Жамбылскому району управления образования Жамбылской области».

Телефон: 8 (72633) 5-15-08

Председатель комиссии – Асылбекова Жанна Абдихалиловна.

Заместитель председателя – Курманбаева Перизат Есенамановна.

Секретарь комиссии – Утегенова Актенже Амангельдиевна.

Члены комиссии – Балтабаев Нурлан Айдарханович, Калшерова

Адас Илесбековна, Аманбай Ержан Әлімбайұлы, Отаева Гульнура Ергенбаевна.

Участковая избирательная комиссия №161

Местонахождение: село Каратау, улица Бауыржана Момышулы №18А, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Турара Рыскулова отдела образования по Жамбылскому району управления образования Жамбылской области».

Телефон: 8 (72633) 5-16-11

Председатель комиссии – Асабаев Жандос Куттыбайұлы.

Заместитель председателя – Дабыл Кайрат Ережепулы.

Секретарь комиссии – Бекбасарова Гулнур Бейсенбиевна.

Члены комиссии – Жумамуратов Казбек Темирбекович, Кайыпназарова Рахима Ережеповна.

Участковая избирательная комиссия №164

Местонахождение: село Шакен Ниязбеков, улица Жайшибека Жантелиулы №25, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Азимбека Исмайлұлы отдела образования по Жамбылскому району управления образования Жамбылской области».

Телефон: 8 (72633) 4-10-42

Председатель комиссии – Оралбаев Орынбасар Косыбаевич.

Заместитель председателя – Майнашева Гулдана Шыналиевна.

Секретарь комиссии – Бекмырзаева Бакытнур Аскарровна.

Члены комиссии – Амангелді Құттыбай Бакытжанұлы, Есенбекова Алтынай Амантаевна, Сарсенбекова Алтынай Сәрсенбекқызы, Серказиева Айгул Биртуяқовна.

Участковая избирательная комиссия №166

Местонахождение: село Аса, улица Абая №22, здание коммунального государственного учреждения «Молодежный ресурсный центр» отдела внутренней политики акимата Жамбылского района.

Телефон: 8 (72633) 2-20-12

Председатель комиссии – Капалбаева Мария Кенесбековна.

Заместитель председателя – Алиев Пиримжан Алтынбекович.

Секретарь комиссии – Аушенова Сауле Байсеитовна.

Члены комиссии – Агайдаров Сембек Мухитович, Жегіошак Ақтөре Нұрмағанбетұлы, Кобланова Марал Бектемировна, Маханова Гульмира Аубакировна, Музбелов Рахымбек Гаухарбекович, Сейтжан Фатима Ердешқызы.

Участковая избирательная комиссия №167

Местонахождение: село Аса, улица Абая №102Н, здание коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

Телефон: 8 (72633) 2-13-31

Председатель комиссии – Асылбеков Улан Темирханович.

Заместитель председателя – Риянов Максат Закирович.

Секретарь комиссии – Мизамбай Әділет Нұржанұлы.

Члены комиссии – Бекетов Нариман Бекетұлы, Зиябекова Сабира Усербаевна, Калмаханбетов Кайрат Елемесович, Мамбетияров Алпамыс Нургалиевич, Нурмаханова Асем Бекетовна, Оразкулова Гулбархан Абдрахымбаевна.

Участковая избирательная комиссия №168

Местонахождение: село Аса, улица Толе би №106, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №1 отдела образования по Жамбылскому району управления образования Жамбылской области».

Телефон: 8 (72633) 5-00-30

Председатель комиссии – Кикбаев Бакытжан Ержанович.

Заместитель председателя – Жумадилов Азамат Нуркасымулы.

Секретарь комиссии – Мұқашқанова Айғаным Нұржанқызы.

Члены комиссии – Байтилеуова Алма Елеубайқызы, Искаков Бауыржан Хожалепесович, Калиева Жанаргуль Байбатырқызы, Нускабеков Багдат Аскарлович, Өтеп Руслан Әбдіманапұлы, Сейдомаров Ерлан Мырзаханович.

Участковая избирательная комиссия №169

Местонахождение: село Бирлесу-Енбек, улица Абая №61, здание Бирлесу-Енбекская сельская библиотека коммунального государственного учреждения «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

Телефон: 8 (72633) 5-02-72

Председатель комиссии – Жанкоразов Еркін Амангалиевич.

Заместитель председателя – Тансықов Берик Керимович.

Секретарь комиссии – Оспанова Салтанат Узенбаевна.

Члены комиссии – Елбосынова Мирамгуль Ипбергеновна, Кадралиев Алтай Амансеитович.

Участковая избирательная комиссия №170

Местонахождение: село Шокай, улица Дербисали Байгазиева №36Б, здание Шокайского сельского клуба коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Телефон: 8 (72633) 5-04-80

Председатель комиссии – Мухаримова Акмарал Ауесовна.

Заместитель председателя – Алимбетов Ануар Турарович.

Секретарь комиссии – Джилкибаева Улжан Кизметовна.

Члены комиссии – Каманова Эльвира Калдыбековна, Өмірбекова Лаззат Дүйсеналықызы.

Участковая избирательная комиссия №171

Местонахождение: село Кумтиын,

улица Салема Смаилулы №1Г, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №2 отдела образования по Жамбылскому району управления образования Жамбылской области».

Телефон: 8 (72633) 5-21-32

Председатель комиссии – Тастанова Лаура Онгарбековна.

Заместитель председателя – Шығырбаева Камила Сыбанхуловна.

Секретарь комиссии – Олжабаева Мейрамқұл Кайратовна.

Члены комиссии – Отарбаева Алия Ралбайқызы, Тулегенов Куанышбек Шуленович.

Участковая избирательная комиссия №172

Местонахождение: село Каракемер, улица Кошербая Асанулы №23, здание Каракемерского сельского клуба коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Телефон: 8 (72633) 5-01-59

Председатель комиссии – Оспанбекова Халима Сауытбековна.

Заместитель председателя – Манашбаев Аскар Маханбетович.

Секретарь комиссии – Ракишев Бахитжан Аршаевич.

Члены комиссии – Байжанов Мереке Калашович, Беккулиева Самал Лесбаевна, Сулейменова Арай Құрманбекқызы, Шильменова Гульсиная Мурзакуловна.

Участковая избирательная комиссия №173

Местонахождение: село Тастобе, улица Турара Рыскулова №24, здание Тастобинского сельского клуба коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Телефон: 8 (72633) 5-00-34

Председатель комиссии – Джолтаева Акмарал Боранбаевна.

Заместитель председателя – Сейдуалы Айбек Әлібекұлы.

Секретарь комиссии – Буйембаева Гаухар Калдыбековна.

Члены комиссии – Байдалиев Асхат Аярбекович, Джамансариев Жаксымбет Еламанович.

Участковая избирательная комиссия №174

Местонахождение: село Енбек, улица Динмухамеда Конаева №1А, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа Енбек отдела образования по Жамбылскому району управления образования Жамбылской области».

Телефон: 8 (72633) 5-23-57

Председатель комиссии – Аширов Ербол Сапарбаевич.

Заместитель председателя – Есеев Куатжан Керимбекович.

Секретарь комиссии – Өшірбаева Акерке Арыстанбекқызы.

Члены комиссии – Сабденов Төлеби Мыктыбекович, Ускенбаев Лесбек Омिरзакович.

Участковая избирательная комиссия №175

Местонахождение: село Жамбыл, улица Актөбе №2Г, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Жамбыла отдела образования по Жамбылскому району управления образования Жамбылской области».

Телефон: 8 (72633) 5-07-66

Председатель комиссии – Абсамагова Зухра Садуакаскызы.

Заместитель председателя – Самратов Дидар Кайратович.

Секретарь комиссии – Налибаева Гульхан Дуйсеновна.

Члены комиссии – Калабаева Алия Тортайевна, Оспанов Нурсултан Нурмамбетович.

Участковая избирательная комиссия №176

Местонахождение: село Ащыбулак, улица Ислама Елубаева №36, здание Ащыбулакского сельского клуба коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Телефон: 8 (72633) 5-01-19

Председатель комиссии – Мураталиев Сабыр Кенетович.

Заместитель председателя – Узенбеков Лесбек Ермекович.

Секретарь комиссии – Жаксыбекова Жулдуз Бердикулова.

Члены комиссии – Жумадилова Алматы Турмаханбетовна, Ордабаева Маржан Койшыбаевна, Сураншиева Жансая Токтарбековна, Тойбекова Жанарқұл Узакбаевна.

Участковая избирательная комиссия №177

Местонахождение: село Орнек, улица Бекпенбета Абылдаулы №37, здание Орнекская сельская библиотека коммунального государственного учреждения «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

Телефон: 8 (72633) 5-06-92

Председатель комиссии – Кәдірбай Еркеғали Кәдірбайұлы.

Заместитель председателя – Тұрлығұлова Анар Бесбайқызы.

Секретарь комиссии – Заурбекова Индира Молдабаевна.

Члены комиссии – Альменова Майра Кыдырбаевна, Базарбек Елдос Қанатұлы, Кабулов Бакыт Ерназарович, Муханова Айгера Сериковна.

Участковая избирательная комиссия №178

Местонахождение: село Ерназар, улица Акшуак ана №45, здание Ерназарского сельского клуба коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Телефон: 8 (72633) 5-24-13

Председатель комиссии – Болжыров Оралбек Сарсембекович.

Заместитель председателя –

Тулегенова Сагира Мендихановна.

Секретарь комиссии – Вагонхан Алматы Арманұлы.

Члены комиссии – Абилдаева Динара Дархановна, Еримбетова Балгерим Гайбуллаевна.

Участковая избирательная комиссия №179

Местонахождение: село Тогызтарау, улица Жамбыла №3В, здание Тогызтарауского сельского клуба коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Телефон: 8 (72633) 5-25-34

Председатель комиссии – Ордабаев Жандос Алиевич.

Заместитель председателя – Онгарбаев Мухит Мырзабаевич.

Секретарь комиссии – Жапарқұлова Абилаш Даулетовна.

Члены комиссии – Сергараев Жексенбек Сыбанович, Туткишбаев Алтынбек Кенжебекович.

Участковая избирательная комиссия №471

Местонахождение: село Гродеково, улица Акжол №88В, здание Гродиковского сельского Дома культуры коммунального государственного казенного предприятия «Районный Дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Телефон: 8 (72633) 3-15-17

Председатель комиссии – Молибаева Лаура Сайдуллаевна.

Заместитель председателя – Мейрманова Акзауреш Мухамедовна.

Секретарь комиссии – Жусипова Задина Фарманқызы.

Члены комиссии – Айтуаров Калдыбек Таубаевич, Берсенкулова Бубипатима Рахмановна, Жанабаева Шырынқұл Шапазиловна, Искалиева Ақтолқын Камоковна, Нурышева Рахия Рахманалиевна, Суанбекова Роза Закиряевна.

Участковая избирательная комиссия №531

Местонахождение: село Аса, учетный квартал 025, участок 625, здание коммунального государственного учреждения «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Телефон: 8 (72633) 5-00-00

Председатель комиссии – Кулшимбаева Мадина Сапаковна.

Заместитель председателя – Калисаева Аида Куанышовна.

Секретарь комиссии – Дюсупова Гүлай Нұрғалиқызы.

Члены комиссии – Алтынбеков Қамбар Жанболатұлы, Анкабаева Гулбара Дилдахановна, Әбдіғарова Дариға Мұқанқызы, Садыков Максат Керимжанович.

Режим работы участковых избирательных комиссий: 9.00-18.30.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

БІЛЕ ЖҮРЕЙІК

ІШКІ СЫНШЫНЫ ЖЕҢУДІҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Қазіргі қоғамда «мінсіз болу» ұғымы адамға байқалмай қысым жасап отырғаны барлығымызға белгілі. Әлеуметтік желідегі әдемі бейнелер, табысты өмірдің жылтыр көрінісі, идеал тұлға бейнесі – мұның бәрі адамды өзімен салыстыруға итермелейтін жағдай. Соның салдарынан көптеген адам өз-өзін жеткіліксіз сезінеді, ішкі сенімін жоғалтады. Ал шын мәнінде адамның құндылығы оның мінсіздігінде емес, шынайылығында екенін түсіне бермейді.

Өзін-өзі қабылдау дегеніміз – бұл өзіңді тек жақсы қасиеттеріңмен ғана емес, әлсіз тұстарыңмен бірге толық қабылдай білу. Бұл – өзіңе деген құрметтің, ішкі жетілудің белгісі. Себебі адам өз кемшілігін мойындағанда ғана оны өзгертуге немесе онымен дұрыс өмір сүруге мүмкіндік алады.

Көп адам өз кемшілігін жасыруға тырысады. Олар «басқалар қалай көреді?» деген сұраққа тым тәуелді болып кетеді. Бірақ бұл жағдай ішкі еркіндігімізді шектейді. Шынайы еркіндік өзіңді өзгелердің бағасына қарамай қабылдай білу керектігін ұмытады.

Психологияда «ішкі сыншы» ұғымы жиі кездеседі. Бұл – адамның өзін-өзі үнемі сынап, кінәлап отыратын ішкі дауысы. «Сен жеткіліксізсің», «Сенде бірдеңе дұрыс емес» деген ойлар осы ішкі сыншының көрінісі болып табылады. Егер адам осы дауысты басқармаса, өзін-өзі

бағалауына үлкен зиян келтіреді. Сондықтан ішкі сыншыны тану, оның үнін бәсеңдету өзін-өзі қабылдаудың маңызды қадамы екенін ұмытпауымыз қажет.

Өзін-өзі қабылдауды үйренудің тағы бір жолы – өзіне мейірімді болу, қателескен кезде өзіңді жазғырудың орнына «Мен де адаммын, мен де үйреніп жатырмын» деп қарау маңызды. Бұл – әлсіздік емес, керісінше, психологиялық жетілудің белгісі.

Сонымен қатар, өзіңді басқалармен салыстырудан бас тарту өте маңызды. Әр адамның өмір жолы, мүмкіндігі, тәжірибесі әртүрлі. Біреудің жетістігі – сенің сәтсіздігің емес, керісінше, әркімнің өз уақыты, өз бағыты бар.

Өзін-өзі қабылдау процесінде эмоцияларды да жоққа шығармау қажет. Көп жағдайда адамдар «жаман» эмоциялардан қашуға тырысады, бірақ қайғы, қорқыныш, ашу – бұлар да адамның табиғи күйі болып табылады. Оларды қабылдау

арқылы ғана адам ішкі тепе-теңдікке жете алатындығын ескеруіміз керек.

Тағы бір маңызды нәрсе – өз жетістіктеріңді байқай білу. Адамдар тек қателіктеріне назар аударып, өз жетістігін елемейтін кездер де кездеседі. Ал дәл осы кіші қадамдар адамның өзіне деген сенімін қалыптастырады.

Өзін-өзі қабылдау – бұл уақытша шешім емес, бұл – өмір бойы жалғасатын процесс. Кей күндері өзіңді толық қабылдау оңай болса, кей күндері қиын болуы мүмкін. Бұл – қалыпты жағдай. Ең бастысы – өзіңе қарсы емес, өзіңмен бірге болуды үйрену.

Қазіргі қоғамда кейде «кемшіліктермен күресу керек» деген түсінік қалыптасқан, алайда кейбір кемшіліктер адамның ерекшелігі, оның даралығы болуы мүмкін. Оларды жою емес, түсіну және дұрыс бағытта қолдану маңызды болып табылады.

Өзін-өзі қабылдау – адамның ішкі тыныштығының, психологиялық саулығының негізгі тірегі. Өз-өзі қабылдай білген адам ғана шынайы бақытқа, еркіндікке және үйлесімді өмірге қадам жасайды. Себебі өмірдің ең маңызды қарым-қатынасы – бұл адамның өзімен қарым-қатынасы.

Айзат ЖАМАЛОВА,
аудандық «Жастар ресурстық орталығының» психологі.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

МӘМС мәртебесін қалпына келтіргендер саны 835 мыңнан асты

Банкердің мобильді қосымшаларындағы push-хабарламалардан кейін 835 мыңнан астам қазақстандық МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін алды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары арқылы push-хабарламалар жіберу жолымен азаматтарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебесі туралы хабардар ету сервисінің жұмыс нәтижелеріне талдау жүргізді. 2026 жылғы сәуір-маусым айларының қорытындысы бойынша 835 мыңнан астам азамат хабарлама жіберілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде МӘМС жүйесінде «сақтандырылған» мәртебесін алды (қалпына келтірді).

Аталған сервис азаматтарға сақтандыру мәртебесінің жоқ екенін дер кезінде білуге және алдын ала қажетті шараларды қабылдауға, мәртебесін тексеруге, берешегінің бар-жоғын нақтылауға және қажет болған жағдайда өткізіп алған төлемдерін төлеуге мүмкіндік береді.

Қор ай сайын сақтандырылмаған азаматтардың тізбесін қалыптастырып, клиенттерді кейіннен хабардар ету үшін қажетті мәліметтерді банктерге жолдайды. Деректерді беру дербес деректерді қорғау туралы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Банктер алынған ақпаратты өздерінің клиенттік базасымен салыстырып,



мобильді қосымшаларды пайдаланушыларға push-хабарламалар жібереді. Берешек болған жағдайда азамат төлем жүргізе алады, ал қаражат түскеннен кейін «сақтандырылған» мәртебесі белгіленген тәртіппен беріледі.

Сервистің негізгі мақсаты – азаматты алдын ала хабардар ету арқылы медициналық көмекке жүгінген кезде сақтандыру мәртебесінің болмауы күтпеген жағдайға айналмауын қамтамасыз ету.

– Біздің міндетіміз – азамат медициналық көмекке жүгінген кезде сақтандыру мәртебесінің жоқ екенін күтпеген жерден билетін жағдайларға жол бермеу. Банк қосымшалары арқылы жіберілетін push-хабарламалар азаматтармен өзара іс-қимыл жасаудың ең тиімді арналарының бірі болып табылады. Олар азаматты сақтандыру мәртебесін қалпына келтіру қажеттілігі туралы дер

кезінде хабардар етуге және МӘМС жүйесінде медициналық көмекке қолжетімділікті сақтау үшін қажетті шараларды жедел қабылдауға мүмкіндік береді, – дейді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жасау департаменті директорының міндетін атқарушы Асқар Қасымов.

Қазіргі таңда сервис Halyk Bank, Freedom Bank және Еуразиялық банктің мобильді қосымшаларында қолжетімді. Биылғы маусым айында Қор Kaspi Bank-пен осындай тетікті енгізуді көздейтін қосымша келісімге қол қойды. Сонымен қатар сервисті кеңейту және оған басқа да екінші деңгейдегі банктерді қосу жұмыстары жалғасуда.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы.

Жамбыл ауданының мемлекеттік органдарындағы мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) нормаларын бұзу фактілері жөнінде хабарлау үшін орнатылған «сенім телефондарының» ТІЗІМІ

№	Мемлекеттік органның атауы	Сенім телефоны
1.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-25-02
2.	«Жамбыл аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі	2-14-32
3.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Айшабиді ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-75-01
4.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ақбастау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-04-82
5.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Аса ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-17-88
6.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бесағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-25-35
7.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Гродиково ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-13-77
8.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-24-14
9.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-70-68
10.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаракемер ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-46-00
11.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Көлқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-34-07
12.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-43-16
13.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Өрнек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-25-02
14.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-31-69
15.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-25-34
16.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-16-33
17.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-20-07
18.	«Жамбыл облысы Жамбыл аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-54
19.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-14-55
20.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-51
21.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-12-34
22.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-17-56
23.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-12-51
24.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-90
25.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-13-53
26.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-13-35
27.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-24-67
28.	«Жамбыл аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2-15-76

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ – 40 ЖЫЛ

Тарихтың кейбір беттері уақыт өткен сайын сарғаймайды, керісінше, олардың мәні тереңдеп, ұрпақ санасында жаңаша жаңғырады. Сондай тағылымы мол оқиғалардың бірі – 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі. Бұл жәй ғана жастардың наразылығы емес, ғасырлар бойы азаттықты аңсаған қазақ халқының ұлттық рухының қайта оянуы еді.

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ



1986 жылдың 16 желтоқсанында Алматының орталық алаңына жиналған жастар халықтың ұлттық намысы мен ар-ожданын ойлап үн қатты. Кеңестік жүйе халықтың бұл үнін күшпен басуға тырысты. Бейбіт шеруге шыққан мыңдаған жас қуғындалып, соққыға жығылды, қамауға алынды. Көпшілігі оқуынан шығарылып, жұмысынан айырылды. Кейбірі өмірімен қоштасты. Бірақ олардың ерлігі мен қайсарлығы ұлт жадынан ешқашан өшкен жоқ.

Желтоқсан бізге тәуелсіздіктің ешқашан өздігінен келмейтінін үйретті. Азаттық – халықтың ерік-жігері, батылдығы мен құрбандығының жемісі. Сол бір аязды күндері алаңға шыққан жастар өздерінің ғана емес, болашақ ұрпақтың тағдыры үшін күресті. Олар тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап кеткен рухани батырлар болды.

Желтоқсан көтерілісіне биыл қырық жыл толғалы отыр. Бұл – қазақ жастарының кеңестік тотаритарлық жүйенің әділетсіз саясатына қарсы шығып, ұлттық намысты қорғауға, тәуелсіздіктің іргетасын қалаған тарихи

оқиға. Коммунистік біртұтас мемлекеттің ыдырауына, тиісінше, одақтас республика тәжін кигенмен, іс жүзінде унитарлық елдің саяси құрсауымен шырмалған отар аймақтарын дербестенуге бастаған қазақ жастарының тарихи қозғалысы жылда жоғары деңгейде аталып келеді.

Осыған байланысты аудандық орталық кітапхана ұйымдастырған «Желтоқсан жаңғырығы – тәуелсіздік бастауы» атты тағылымды кеш зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Жастарға желтоқсан оқиғасының тарихи мәні мен маңызын түсіндіру, тәуелсіздік жолында күрескен желтоқсан қаһармандарының ерлігін насихаттау, желтоқсан құрбандарын еске алып, олардың өнегелі өмір жолын кейінгі ұрпаққа үлгі етуді мақсат еткен басқосуға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Әбиірбек Тінәлі, Жүніс Әлімбек, қоғам қайраткері, облыстық «Желтоқсан-86» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Исмаил Хаджимурат және желтоқсан оқиғасының қатысушылары Мейрамкүл Айнабекова, Манат

Әбдірашова, Айнұр Төгісбаева, Света Иманқұлова, Әбілхан Жәнібеков, Дариға Идрисова, Ермахан Мырзабеков қатысты.

Кеш барысында қатысушылар желтоқсан құрбандарын бір минуттық үнсіздікпен еске алды. Әбиірбек Тінәлі мен Жүніс Әлімбектің орындаған «Желтоқсан желі» әнін тыңдады. Желтоқсан оқиғасының куәгерлерімен еркін сұхбаттасып, көкейлеріндегі сауалдарын қойды. Желтоқсаншылар өз кезегінде сол сұрапыл күндердегі естеліктерімен бөлісіп, жастарға патриоттық рух пен елге деген сүйіспеншіліктің маңызын жеткізді.

Сонымен қатар жергілікті қаламгерлер Тәуелсіздік пен Желтоқсан көтерілісіне арналған арнау өлеңдерін оқып, тарихи оқиғаның ұлт тағдырындағы орны туралы әсерлі ой-пікірлерін ортаға салды.

Тағылымы мол кеш қатысушыларға ерекше әсер қалдырып, жастардың тарихи санасын қалыптастыруға, ел тәуелсіздігінің қадір-қасиетін терең түсінуге ықпал етті.

Қайрат ОТАРБАЕВ,
жергілікті қаламгер.

Соңы. Басы 1-бетте

ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ...

Ернұр ғұмырын ветеринария саласымен байланыстырған

Асылында, ветеринар – нағыз маман. Біз ауырсақ, дәрігерге барамыз. Дәл сол сияқты мал да күтім мен сауатты ем-домды қажет етеді. «Адамзатты ветеринар емдейді» деген сөз содан қалған. Ветеринар, ең әуелі, таза өнімнің кепілі. Ветеринариясы мықты жерде малдың өнімділігі жоғары, ауру-сырқаудан аман болады. Сондықтан да бұл саланың орны қашанда бөлек, қадірі ерекше.

Дегенмен кейінгі жылдары қоғамда ветеринария саласына деген қызығушылық күрт төмендегенімен, «медицина адамдарды, ветеринария адамзатты емдейтінін» жете түсінетін жастар да жетерлік. Мамандығының мәнін терең пайымдап, ғұмырын ветеринариямен байланыстырғандардың бірі – Қазақ ұлттық Аграрлық университетінің түлегі, аудандық ветеринария бөлімінің жас ветеринар маманы Ернұр Бөрібек. Ол – «Дипломмен – ауылға!» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жұмысқа орналасқан жалынды жас. Алғашында бөлімнің сол кездегі басшысы Төрехан Қойлыбаевтан тәлім-тәрбие алса, бүгінде бөлім басшысы Ануар Әкімжановтан саланың қыр-сырын үйреніп жүр. Оны әңгімеге тартқанымызда, мамандығының маңыздылығына кеңінен тоқталып, ветеринар жануарларды да жақсы көруі керектігін айтты.

– Мамандығымның қоғамдағы маңызы зор. Халықты түрлі тағам өнімдері, соның ішінде құнары мол, табиғи ет, сүт, май, жұмыртқамен қамту мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Бұдан бөлек, дәрі-дәрмек, киім өнеркәсібінде де шаруашылықтың орны орасан. Сондықтан мал-құс басын аман сақтап, жұқпалы аурулардың алдын алу, дер кезінде емдеу – кезек күттірмейтін мәселе. Жұмыс барысында адамзат өміріне елеулі осы тұстарды қаперге алып, әр

жағдайды жіті бақылаймын.

Десе де, ауру айтып келмейді. Мал төлдесе, ауырып қалса, оқыс жағдай болса, уақытпен санаспай қызмет көрсетеміз. Іс барысында жұқпалы аурумен күресіп жатқан төрт түлікті де жиі кездестіреміз. Осындай қауіп-қатерге қарамастан ауырған малды айықтыруға күш саламын.

Өзім секілді жас мамандарға берер кеңесім, біздің салада бәрін білу жеткіліксіз, жануарларды жақсы көру де маңызды. Егер сіз ұқыпты, мейірімді болсаңыз, тиісті көңіл бөлсеңіз, мұны қорадағы мал да сезеді. Олар да сүйіспеншілікті жақсы көреді. Сонда ғана салада лайықты орынды табасың. Мен осыны түсіндім, – деген Ернұр Нұрболұлы жануардың жанын түсініп, дер кезінде күтім-емін жасау халыққа қамқорлық екенін алға тартты.

Кейіпкеріміз күнделікті жұмыс барысын әлеуметтік желідегі парақшасында көрсетіп, ветеринария саласын нанымды насихаттап жүр. Сәйкесінше, емдеу тәсілдерін білуге ұмтылушылар да жетерлік. Бұл өңір тұрмысында мал басын сақтауға сұраныс әрдайым өзекті болатынын аңғартады. Ветеринария саласының қиындығын еңсеріп жүрген жастың еңбегі еленіп келеді. Осы күнге дейін облыс әкімдігі ветеринария басқармасының, аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған.

Малды аман сақтап, ауру-сырқаудан қорғау – ветеринардың міндеті. Ветеринар болмаса, мал да көбеймейді, өнім де сапасыз болады. Қазір мемлекет тарапынан ветеринария саласына үлкен қолдау көрсетіліп жатыр. Жұмыс істеуге барлық мүмкіндік берілген. Сондықтан ата кәсібіміз мал шаруашылығын өркендетемін деген жастардың ветеринарияға бет бұрғаны абзал. Мүмкіндігінше, ауылға келіп, еңбек етіп, тәжірибе жинағаны жөн.



Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың орынбасары: Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Жауапты хатшы: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395
Тілшілер: Шұғыла АҚШАБАЙ 877770284244
Дизайнер-теруші: Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Бас редактордың орынбасары: 2-20-24
Тілшілер: 2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1946 Тапсырыс №505

Нөмірдің кезекшісі: Шұғыла АҚШАБАЙ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үйі.